# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№123 (19999)

18 тамыз, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



ПІКІР — 2 Праймериз – пайым мен парасат

ҚАУЛЫ — 3 Карантинді кезең-кезеңмен жеңілдету туралы

АБАЙ – 175 — 4 Абай мұрасы – ұлт байлығы

АПЫРАЙ-Ә! — 4 Бетперденді бере тұршы...








ПРЕЗИДЕНТ

## Ақпарат және қоғамдық даму министрін қабылдады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваны қабылдады.**



Қазақстан Президентіне министрлік жұмысының қорытындылары, сондай-ақ, оның қызметін одан әрі дамыту туралы ақпарат берілді.

Кездесуде ақпараттық саясат және азаматтық қоғам мәселелеріне ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, Аида Балаева отандық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік бастамаларын қолдау және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жайын да баяндады.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент министрлік алдына бірқатар нақты міндеттер қойды.

## Қымбатты жерлестер!

Халқымыз “Ауру айтып келмейді” дейді. Дүниені дүрліктірген пандемия салдарынан қаншама адам індеттің ілмегіне ілікті, қаншасы өмірден өтті. Әлем халқының ешқайсысына да бұл оңай тиген жоқ.

Коронавирус індеті бәсеңсіді деп мамыр айында арқамызды кеңге салғанымызбен, маусым айында ауру тіпті өршіп, пневмония құрбандарының саны көбейді. Олардың арасында талай даңқты тұлғалар, ет жақындарымыз бен достарымыз, әріптестеріміз бен таныстарымыз болды. Сондықтан, маусым айында карантин қайта жалғасып, ол бір жарым айға созылды.

Қазіргі таңда ауру саны азайып, қалыпты жағдайға келдік дегенімізбен де, коронавирус дерті әлемде жойылмай тұрған уақытта босаңсуымызға болмайды.

17 тамыздан бастап карантиндік шектеу шаралары кезең-кезеңімен алынып тасталады, дегенмен, эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында демалыс күндері шектеу шаралары сақталады.

Халқымыздың денсаулығын қорғау мақсатында індет толық жойылып, дерттен құлантаза айығып, қуанышты күндер туғанша отбасылық мерекелер, ас, той, мерейтой өткізу, ойын-сауық, спорттық, салтанатты және басқа да көпшілік шаралар ұйымдастыруға тыйым салынады. Маска режимі мен әлеуметтік арақашықтықты сақтау міндетті талабымыз болып қала береді.

Бәріміздің азаматтық жауапкершілігіміз осындай кезеңде сыналады. Өзіміздің, отбасымыздың денсаулығының қауіпсіздігі үшін барлық шараларға түсіністікпен қарап, сабыр сақтауға, шыдамдылық танытуға шақырамын.

Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тату болса, бұл қиындықты да бірге жеңіп, бірге еңсереміз.

Жақындарыңызға жанашыр болыңыздар!

Біз біргеміз!

**Облыс әкімі Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА**

18 ТАМЫЗ – ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

## Мемлекет шекарадан басталады

**Бүгін – Шекарашылар күні. Кеңестік кезеңде 29 мамыр күні тойланатын мереке 2012 жылдан бастап осы күнге ауысқан. Отанды қорғап, күні-түні көз ілмейтін шекарашы мехнатын кез келген адам түсінбес. Жүректілікпен қатар, жылдамдықты қажет ететін бұл қызметті жігіттің жігіті атқаратыны анық. Темірдей тәртіпке шыдайтындарға ғана орын бар. Мұнда «істей алмаймын» деген сөз жоқ. Бұйрық талқыланбайды, орындалады. Тіпті, алыстағы ата-ана мен дос-бауырды сағынуға да уақыт жоқ. Қару-жарақты пайдаланудан бөлек, небір ұрыс тәсілдерін игеру, техникалық құралдар мен көлікті жүргізу... Бесаспап болу қажет. Тіпті, ас пісіруде де.**

**ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты облыстық шекара қызметі департаментінде болдық. Шекара күзеті бөлімінің бастығы, подполковник Берік Бұзаушиевпен аз-кем сөйлестік.**

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

4-бет



## "Шаңыраққа" өтініш қабылдау басталды

**«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының жаңа бағыттарының бірі «Шаңырақ» пилоттық жобасына өтініш қабылдау басталды. Оны «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) жүзеге асырады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қолға алынған бағдарлама азаматтарға жеңілдетілген шарттармен несие беру мақсатында әзірленген.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

– Биыл «Шаңырақ» пилоттық жобасын жүзеге асыру үшін бюджеттен 210 млрд теңге көлемінде қаражат бөлу жоспарланған. Оның 90 млрд теңге көлеміндегі алғашқы бөлігі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» түсті. Осы бюджетке сәйкес, біз еліміздің шамамен 7-8 мыңдай отбасын баспанамен қамтамасыз етуді жоспарлар отырмыз. Жылдық мөлшерлемесі 5 процентке тең (ЖТСМ 5,2%), жеңілдетілген заемды алу үшін, бағдарлама қатысушылары әкімдік кезегінде тұрулары қажет. Сондай-ақ, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі» шоттарына займ мөлшерінің 10 процентінен кем түспейтін соманы бастапқы жарна ретінде жинаулары қажет. Несиелендіру мерзімі 20 жылға дейін, – дейді «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова.

«Шаңырақ» жобасының аясында жеңілдетілген несиені бірінші кезенде баспанаға мұқтаж жан ретінде 1986 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі мерзімді қоса алғанда әкімдік кезегінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары ала алады. Өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, банктің «Шаңырақ» жобасын одан әрі несиелендіруге қажетті қаражаты болған жағдайда, бағдарламаның екінші кезеңіне әкімшілік кезегіне кейінгі жылдары тұрған азаматтар да шақырылуы мүмкін. Сондай-ақ, бағдарламаға қатысу үшін соңғы алты ай ішіндегі отбасының әр мүшесіне келетін отбасылық табыстың бір айлық көлемі 3,1 күнкөріс деңгейінен аспайтын (2020 жылдың 1 сәуірінен бастап КМ – 32 668 теңгеге тең) еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістің (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығы мен басқа да міндетті аударымдарды есептемегенде) болуы талап етіледі. Яғни, 2020 жылы отбасының әр мүшесіне келетін табыс көлемі 101 271 теңгеден аспауы тиіс.



Аталған бағдарлама бойынша тұрғын үйді тек жаңадан салынған үйлерден ғана алуға болады. Бұл «5-10-20» бағдарламасы бойынша жергілікті әкімдіктер салып жатқан несиелік тұрғын үйлер мен жеке құрылыс компаниялары салған үйлер (сондай-ақ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ кепілдігі бар).

«Шаңырақ» бағдарламасы бойынша пәтер алуға болатын құрылыс компанияларының тізімін hcsbk.kz сайтынан жүктеп алуға болады.

2-бет




## Емханалар жоспарлы жұмысқа көшті

**Елімізде "COVID-19" індеті белең алған уақытта бірқатар шаралар қабылданып, соған сәйкес жоспарлы емдеу жұмыстары уақытша тоқтатылған болатын.**

Тамыз айының басында аймақтағы ахуал тұрақталып, емдеу ұйымдарындағы жоспарлы қызметтер өз жұмысын қайта бастады. Сонымен қатар бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдары, яғни, емханалар да жоспарлы жұмыстарына кірісті. Атап айтқанда, бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету деңгейінде уақытша тоқтатылған скринингтік және профилактикалық тексерулер, жоспарлы стоматологиялық қызмет, оқушылардың денсаулығын қорғау қызметтері (мектеп медицинасы), медициналық оңалту III сатысы (амбулаторлы жағдайда көрсетілетін реабилитация), салауатты өмір салтын ұстану бойынша шаралар кабинеттерінің, денсаулық мектептерінің жұмысы және психологиялық көмек көрсету қызметтері өз жұмыстарын жалғастырды.

Жалпы, жоғарыда айтып өткеніміздей, жоспарлы емдеу жұмыстарының қайта іске қосылуы – аймақтағы ахуалдың тұрақтанғанының тағы бір дәлелі. Дегенмен, бұл жағдайлар бізді босаңсытпау керек. Әлі де болса сақтық шараларын қатаң ұстансақ, індетті аман-есен өткереріміз анық.

## Шиеліде соңғы науқас айығып шықты

**Өңірде індеттен айыққан азаматтар қатары көбеюде. Аудандық ішкі саясат бөлімінің мәліметінше, Шиелі аудандық аурухананың инфекциялық бөлімінен соңғы науқас емделіп шықты.**

Аурудан айыққан науқасты ақ халатты абзал жандар гүл шоқтарымен шығарып салды. Бүгінде үйіне оралған азаматтың жағдайы жақсы. Ол алдыңғы шепте жүрген дәрігерлерге алғысын білдірді.

**"СБ" ақпарат**

## Ақсуатта жаңа балабақша

**Қазалы ауданының Ақсуат ауылында балабақша ел игілігіне берілді.**

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Жаңа нысанның ашылу салтанатында аудан әкімі Мұрат Ергешбаев:

– Ауданда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Соңғы 2 жылдың өзінде көптеген нысан бой көтерді. Олардың қатарында Сырдария өзеніне салынған ең ірі «Әлсейіт» темірбетон көпірі, Әйтеке би кентіндегі көпқабатты 6 үй бар. Бұған дейін Ақсуат ауылынан қос бірдей әлеуметтік нысанның құрылысы басталған еді. Бүгін соның бірі қолданысқа беріліп отыр, – деді.

Сондай-ақ балабақша меңгерушісі Шынар Мүберековаға бағалы сыйлық табыс етті.

Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Рзаханов ауылда мемлекет қамқорлығы айқын сезілетінін жеткізді. Өткен жылдың өзінде абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, орталық саябақ салынды. Енді 150 орындық клубтың құрылысы жүруде.

Ал зәулім де көрікті балабақша тұрғындардың асыға күткен қуанышы болатын. Оны салуға бюджеттен 396,8 млн теңге бөлініп, «Орион LTD» ЖШС жұмысшылары атсалысты.

Әлеуметтік нысан 90 орынға арналған. Аумағында 5 топқа арналған ойын алаңдары бар.

Қазалы ауданы



## «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Г.Н.Әбдіқалықованың ішкіпартиялық іріктеу – праймериз өткізудің басталуына орай үндеуі



**Құрметті қызылордалықтар!**

«Nur Otan» партиясымен Қазақстанның партиялық-саяси даму тарихында алғаш рет жалпыреспубликалық масштабта праймериз өткізілуде.

Партияішілік іріктеудің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі және барлық деңгейдегі мәслихаттардағы тиімді депутаттық корпусты одан әрі қалыптастыру үшін бәсекелі және айқын негізде мықты көшбасшыларды анықтау. Бұл үшін нұротандықтар қоғамның сеніміне ие болған беделді партия көшбасшыларын өздері таңдайтын болады.

Өкінішке орай, праймериз коронавирус пандемиясы кезеңімен сәйкес келді. Сондықтан ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасына орай партияның барлық күші коронавируспен күрес жағдайында қолдауға мұқтаж қазақстандықтарға көмекті ұйымдастыруға бағытталып, праймериз жағдайдың тұрақталғанына дейін кейінге қалдырылды.

Осыған орай партияішілік іріктеуге арналған шаралардың басым бөлігін онлайн форматта өткізу тапсырылды. Қазіргі таңдағы жаңа цифрлық мүмкіндіктерді халықтың қарқынды қолдануын ескерсек, онлайн-формат – партияның ашық әрі қолжетімді болуын қамтамасыз етумен қатар, тұрғындармен кері байланысты барынша күшейтуге де мүмкіндік береді.

Праймеридің бұл басты ерекшелігі – партия басшылығының халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған шараларының жалғасы.

«Мықты лидерлер – Мықты партия» қағидасын басшылыққа алып отырған праймериз заңды, әділ, ашық, адал да бәсекелік негізде өткізіліп, халықтың өзекті мәселелерін білетін және оларды шешуге қабілетті нағыз көшбасшыларды анықтайтын болады.

Мұнан бөлек, праймериз партияға қатыстылығына қарамастан, үміткерлердің барлығына бірдей қоғамның мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді. Түрлі әлеуметтік топтар, әсіресе әйелдер мен жастар үшін бірдей мүмкіндіктер ұсынылған. Жалпы, праймериз өткізу қазіргі заманғы қазақстандық қоғамды үдемелі демократияландыру процесінің айғағы болып табылады.

Барлық шынайы патриоттарды, бастамашыл және жауапкершілігі мол отандастарды аймақ пен елді қарқынды дамыту мен өркендету мақсатында праймеризге белсенді қатысуға шақырамын!

## Праймериз – пайым мен парасат

«Nur Otan» партиясы мүшелерінің құрамын еліміздің болашағын шынайы ойлайтын және Қазақстанның өркендеуіне өз үлесін қосуға дайын, жүрегі отансүйгіштік сезімге толы азаматтардан құру жұмысы жақын арада басталмақ.

Праймериз – алдын ала партияішілік, яғни мыңнан бірін, жүзден жүйрігін іріктеп, дауысқа салып анықтайтын іріктеу.

Праймериз ережелері әйелдер мен жастарға арналған квоталарды есепке ала отырып бекітілді. Соған сәйкес жас буынның көпшілік алдында өзін-өзі көрсетуіне, білімінің деңгейін арттыруға, халыққа көмек көрсетуде өзінің елеулі үлесін қосуына үлкен мүмкіндіктер жасалды.

Сондықтан елімізді дамыту, гүлдендіру мақсатында алдағы праймеризге бей жай қарамайтын және креативті қазақстандықтардың белсенді қатысуы өте маңызды.

Сол мақсатқа жету жолында праймеридің өткізілуі ел игілігін еселеуге септігін тигізері сөзсіз.

**Абайбек ЖҮНІСОВ,**
**«Nur Otan» партиясы «Тұран» филиалы Саяси Кеңесінің мүшесі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор**

## Көшбасшыларға мүмкіндік

Алдағы іріктеу партияның ең белсенді және сенімді мүшелерін анықтау мақсатында өткізіледі. Менің ойымша, партия үшін өте маңызды және қажетті қадам. Бұл үміткерлер арасындағы бәсекелі күрес, ең үздік сайлауалды бағдарламаны ұсынып, оны орындау жөніндегі нақты қадамдарды анықтап, көпшілік дауысқа ие болғандар сайлауалды тізімге енеді.

Жаңа парламенттік маусымның басталуы алдында «Nur Otan» партиясы Парламент Мәжілісіндегі және барлық деңгейдегі мәслихаттардағы тиімді депутаттық корпусты одан әрі қалыптастыру, партиялық желі бойынша ілгерілету үшін бәсекелестік негізінде нақты және мықты көшбасшыларды анықтау мақсатында партиялық жүйедегі ең оңтайлы әдіс-тәсілдерді және тиімді идеяны жинақтайтын әрі көшбасшы бола алатын азаматтарды таңдауға себеп болатын тиімді жүйе – праймеризді өткізу ережесін ұсынып отыр.

Іріктелген ең мықты, саналы, қоғам алдында жауапкершілігін сезінген Қазақстан азаматтары ертең Мәжіліс пен мәслихатқа келіп жатса, халыққа жақын саясаттың жүргізілуі анық. Праймериз билік партиясының өзі қоғамға жақын болуына, оның мұң-мұқтажын терең сезінуіне тамаша мүмкіндік беретіні сөзсіз.

«Nur Otan» партиясының осы бастамасы заман талабына сай өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйенген нағыз идеологиялық мәні бар нақты іс деп білемін.

Мен партияның белсенді мүшесі ретінде барша отандастарды белсенді қатысуға шақырамын.

**Нұрлыбек АХАТАЕВ,**
**«Nur Otan» партиясы «Тұран» филиалына қарасты «Айқын» бастауыш партия ұйымының төрағасы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті химиялық зерттеулер және технологиялар институтының аға ғылыми қызметкері**

**ҚАБЫЛДАУ**

## Сенаторға тілектестік білдірді

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарованы қабылдады. Аймақ басшысы сенаторды саяси жауапты қызметімен құттықтап, Ақмарал Шәріпбайқызының өңірдің дамуына сіңірген еңбегін ерекше атап өтті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

– Мемлекет үшін, Тәуелсіз Қазақстан үшін аянбай жемісті еңбек етіп, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесіңізді Сыр өңірі жұрты жақсы біледі және мақтан тұтады. Сізді Сыр халқының атынан Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты атануыңызбен тағы да құттықтай отырып, мемлекет мүддесі жолындағы еңбегіңізге толағай табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін, – деді облыс әкімі.

Ақмарал Шәріпбайқызы – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше атсалысып, медицина саласына, халық денсаулығының нығаюына зор үлесін қосты.

Басқарма басшысы, облыс әкімінің орынбасары, облыстық мәслихатының хатшысы, "Nur Otan" партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін абыроймен атқара білді.

Айта кетейік, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, осы жылғы 12 тамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутаттарды сайлау өткізілді.

Өңірден сайлауға 5 кандидат ұсыным берді. Дауыс беру нәтижесімен Ақмарал Әлназарова 77,86% дауыс жинап, ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

Кездесу соңында облыс әкімі Сенат депутатына құрмет білдіріп, тілектестігін жеткізді.

**«СБ» ақпарат**



## Бірқатар нысандарды аралады

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралады. Бұл ретте қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

Өңір басшысы алдымен Нұрсұлтан Назарбаев даңғылын абаттандыру жұмысымен танысты. Жобаның жалпы құны – 500 млн теңге. «Асанасдар» ЖШС мердігер компаниясы қолға алған жоба аясында 180 адам жұмыспен қамтылған. Мамыр айындағы басталған жұмыстар қыркүйекке дейін толығымен аяқталады деп жоспарланып отыр.

Мұнан кейін облыс әкімі «Шұғыла» ықшам ауданындағы №49, 50, 51, 52 үйлеріндегі жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Қысқа дайындық барысы жоспармен жүзеге асып жатыр. Бұл ауданда қазір 2671 шақырым жылу құбырлары жаңғыртылуда. Аймақ басшысы жобамен айналысып жатқан «Сапақ» ӨКге белгіленген мерзімде, яғни, 21 қыркүйекке дейін барлық жұмыстарды аяқтауды тапсырды. Өйткені ауа райы күрт суыса барлық жылыту жүйелері сақадай сай болуы қажет.

Облыс әкімі «Локомотив» стадионын қайта жаңғырту жұмыстарымен де танысты. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспанов күрделі жөндеуден өтіп жатқан спорттық нысан жайында баяндады. Айтуынша, 19 маусымда басталған жұмыстар 4 ай ішінде аяқталады. Жоба аясында 70 адам жұмыспен қамтылған. Оның 35-і жұмыспен қамту орталығы арқылы орналасқан.

Сондай-ақ өңір басшысы Ақсуат ауылдық округіндегі 38 жылдық тарихы бар №143 орта мектепке барды. Мұнда 624 оқушы білім алады. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында күрделі жөндеуден өтіп жатқан білім ордасы жаңа оқу жылының басталуына орай пайдаланылуға беріледі. Одан бөлек Ақсуатта «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 462 млн теңге қаржыға абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың игілігіне берілуде.



Облыс әкімі Қызылорда қаласында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, әрбір нысан мердігерлердің белгіленген мерзімі негізінде ел игілігіне берілу керектігін баса айтты.

Жалпы «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы аясында облыс бойынша 276 инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға 36,9 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді, оның ішінде Қызылорда қаласында 17,7 млрд теңгеге 97 жоба жүзеге асуда. Жаңа нысандардың құрылысы арқылы 452 тұрақты жұмыс орны ашылады.

**«СБ» ақпарат**

## "114 Қауырт желісі" сізге көмектеседі!

"114 Қауырт желісі" – бұл дін мәселелері бойынша көмекке мұқтаж адамдар үшін тегін сенім телефоны және чат-сайт.

Қандай жағдайларда бізге хабарласу керек?
Егер Сізге ақпараттық және кеңес беру көмегі қажет болса,
Егер сіз деструктивті діни ағымдардың ықпалында болсаңыз,
Егер Сізге діни сипаттағы мәселелерге байланысты психологиялық және құқықтық қажет болса

**"Сенім телефонына" жүгіну үшін:**

**114** қысқа нөмірі немесе **8(800)-0805-114** (Ұялы телефоннан).
Сондай-ақ, сіз кері қоңырауға тапсырыс бере аласыз немесе біздің **www.114.kz** веб-сайтынан онлайн-кеңес ала аласыз.

Консультациялар тегін және құпия түрде өтеді. Барлық операторлар білікті дінтанушылар болып табылады және дін тақырыбындағы барлық сұрақтарға сенімді жауап бере алады. Егер мәселе басқа маманды қажет етсе, оператор сіздің мәселеңіздің сипатын анықтайды және сізді теологпен, психологпен немесе заңгермен байланыстырады.
Жедел желі аптасына 7 күн, 9:00-18:00 аралығында жұмыс істейді.

**Бізге сайтқа қоңырау шалыңыз немесе жазыңыз:**
**114**
**8 (800)-0805-114 (ұялы телефоннан)**
**www.114.kz**

## "Шаңыраққа" өтініш қабылдау басталды

Әкімдіктер салған несиелік тұрғын үйлердің 1 шаршы метрі бойынша келесі баға мөлшерлері белгіленген: 240 мың теңгеге дейін – Алматы қаласында, 220 мың теңгеге дейін – Нұр-Сұлтан қаласында, 200 мың теңгеге дейін – Шымкент қаласы мен Алматы маңындағы аймақтарда, 180 мың теңгеге дейін – Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Түркістан, Қарағанды қалалары мен Қарағанды облысында, басқа өңірлерде 160 мың теңгеге дейін.

Пәтерлер жеке құрылыс компаниялары соққан үйлерден сатып алынған жағдайда ең жоғары заем сомасы: Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында 18 млн теңге, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Шымкент, Түркістан, Қарағанды қалалары мен Қарағанды облысында 15 млн теңгеге дейін, ал қалған өңірлерде 12 млн теңгеге дейінгі баға ұсынылған.

Әкімдік кезегінде тұрған азаматтар бағдарламаға қатысу туралы және төлем қабілеттілігін бағалау жөніндегі өтініштерін 2020 жылдың 17 тамызынан бастап 16 қыркүйегіне дейінгі аралықта тек hcsbk.kz сайты арқылы электронды түрде бере алады. Бұл "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" клиенттеріне де, әзірше банктен салым ашып, клиенттер қатарына қосылып үлгермеген тұрғындарға да қатысты.

– Бағдарламаға қатысу үшін алдымен www.hcsbk.kz банк сайтындағы «Қолжетімді тұрғын үй «Шаңырақ» пилоттық жобасы бөлімі арқылы электронды өтініш беру керек. Онан соң банк сайтында өтініш берген күннен бастап 3 күн аралығында банк қызметкерінің қоңырауын күтеді. Ол несиелендіру шарттары мен бағдарлама талаптарын жіті түсіндіріп, өтініш тапсыру үшін банк бөлімшесіне жазады. Үшінші қадам – төлем қабілеттілігіңізді бағалау үшін құжаттарыңызды алып, банк бөлімшесіне белгіленген уақытта келу, займды мақұлдау жөнінде банктің оң шешімін алу. Сондай-ақ, банк талаптарына сай, жеке құрылысшылардан жаңа тұрғын үй табу («Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ кепілдігі бар), сату-сатып алу немесе үлестік қатысу келісімдерін жасау, әрі банктен заем алу қажет. Заемды алу үшін өтініш берушінің жинақ шотында несие көлемінің 10%-тен кем түспейтін тұрғын үй құрылыс жинағы болу керек, – дейді "Тұрғын үй жинақ банкінің" Қызылорда қаласы филиалының кеңесшісі Жеткерген Дәрібайұлы.

1-бет.



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

15 тамыз 2020 ЖЫЛ №20 Қызылорда қаласы

# Қызылорда облысы бойынша шектеу шараларды, оның ішінде карантинді кезең-кезеңмен жеңілдету туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының, қала, аудандар әкімдігіне, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы филиалының «ГП Қызылордалық бөлімше» директорына, құқық қорғау мен арнайы органдарға:

1) тыйым салуды жалғастыруды:

1.1) көпшілік іс-шараларын, спорттық-көпшілік, отбасылық, естелік, салтанатты, мерекелік, мәдени-көпшілік, конференциялар, семинарлар, көрмелер және тағы басқа көпшілік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойы, мерейтой, еске алу) және басқа да адам көп жиналатын іс-шараларды, оның ішінде тұрғылықты мекен-жайы бойынша іс-шараларды өткізуге;

1.2) банкет залдарының, сауда-ойын-сауық кешендері жанындағы балалардың ойын алаңдарын, фудкордтар, кинотеатрлар жұмыстарына;

1.3) барлар, түнгі, компьютерлік, интернет және бильярд клубтарының, букмекерлік және лото-, мотоконторлардың жұмыстарына;

1.4) барлық мәдениет объектілерінің (театрлар, концерт залдары, мұражайлар және т.б.) қызметіне;

1.5) бассейндердің, жағажайлардың, ашық аквапарктар жұмыстарына;

1.6) діни объектілердің жұмысына;

1.7) оқушылардың және мектеп жасына дейінгі балалардың экскурсиясына;

1.8) кальянды пайдалануға;

1.9) балалардың жазғы тынығу лагерьлерінің қызметіне;

2) ауданаралық автобус/микроавтобустар мен жұмыс поездарын қоспағанда, қала маңындағы жолаушылар поездарының, жолаушылар поездарының құрамына жалпы вагондарды құруға;

3) күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен рұқсат берілсін:

3.1) сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда нысандары (бутиктер), сауда желілері жұмысына (толтырылуын 30%-дан асырмай, 1 адамға 4 ш.м. болу) сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін;

3.2) сұлулық салондарының, шаштараз, СПА орталықтар және косметологиялық қызмет көрсететін орталықтар жұмысына (алдын ала жазылу бойынша, 1 адамға шаққанда 4 ш.м. болу) сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін;

3.3) меншік нысанына қарамастан балалар коррекция, балалар және ересектерге арналған білім беру орталықтарының қызмет көрсетуіне (5 адамнан аспайтын топтармен, алдын ала жазылумен);

3.4) меншік нысанына қарамастан балабақшалардың кезекші топтарына (15 баладан асырмай);

3.5) ашық алаңдағы аттракциондар жұмысына сағат 10.00- ден 22.00-ге дейін;

3.6) фитнес орталықтарының (бассейнсіз), тренажер залдары (орталықтары), спорттық-сауықтыру орталықтарының (үйірмелер, секциялар, т.б.) жұмысына (1 адамға 5 ш.м. дейін болу, толтырылуын 50%-дан асырмай, алдын ала жазылумен) сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін;

3.7) қоғамдық монша, сауна (бассейнсіз, толтырылуын 50%-дан асырмай, 1 адамға 4 ш.м. болу) жұмысына сағат 09.00-ден 22.00-ге дейін;

3.8) ашық алаңда жеке және топтық жаттығуларға (5 адамнан аспай) сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін;

3.9) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып Ұлттық құрама, клуб командаларына спорттық жаттығулар өткізуге (30 адамнан асырмай, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

3.10) облыс, аудан орталықтарындағы қоғамдық көліктің жұмысына сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін шектеумен (пик сағаты уақытта автобустар санын көбейту, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялық тазарту, барлық есіктерді ашу, жолаушылар саны көліктегі орындар санына сәйкес болу керек);

3.11) қоғамдық орындарға (демалыс саябақтары, саяжолдар, субұрқақтар, жағалаулар және басқа демалыс орындары) 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелеріне әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, баруға сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін;

3.12) жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларының қызметіне 1 адамға 4 ш.м. дейін болу, толтырылуын 30%-дан асырмай сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін;

3.13) ұжымдық іс-шараларды өткізбей, ашық ауадағы және үй-жайда 30-дан аспайтын отыратын орын орната отырып, қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне сағат 10.00-ден 23.00-ге дейін;

3.14) халыққа қызмет көрсету орталықтарының, сондай-ақ мамандандырылған ХҚКО жұмысына тек алдын ала Egov.kz, EgovKZBBot 2.0 телеграмм-ботпен броньдау арқылы сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;

3.15) қызметті барынша онлайн форматта көрсету арқылы «Қазпочта» АҚ-ның жұмысына сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;

3.16) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты және саны бойынша шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне;

3.17) халыққа байланыссыз қызмет көрсету (автомобиль жуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу және т.б.) объектілердің қызметіне сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін;

3.18) аймақтау талаптарын сақтай отырып медициналық орталықтардың (жазылу бойынша) қызметіне.

4) жұмысы мен қызметін жалғастырсын:

4.1) әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), ұлттық компаниялардың, басқа да кеңселердің қызметін қамтамасыз етуді. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс істеу нысанында қалады (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер болғанда);

4.2) жұмыс кестесін 9.00-ден 17.00-ге дейін белгілей отырып, бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т.б.);

4.3) толтырылуы 50%-дан аспайтын талапты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы және туризм объектілері мен ұйымдардың (қонақ үйлер, пәтерді жалға алу, демалыс үйлері, туристік базалар және т. б.);

4.4) такси қызметтері санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-дезинфекциялық ережелер Алгоритмдерін сақтай отырып, 3 ересек адамға дейін немесе бір ересек адам екі кәмелетке толмаған баланы алып жүруі талаптарын сақтай отырып жұмысын сағат 07.00-ден 23.00-ге дейін;

5) демалыс күндері (сенбі, жексенбі) қамтамасыз етуді:

5.1) қоғамдық көліктің жұмысын тоқтатуды;

5.2) 65 жастан асқан адамдардың сыртқа шығуын шектеуді (қажетті азық-түлікті, бірінші кезекте қажетті заттарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды, қоқыс шығаруды (жақын радиуста) қоспағанда);

5.3) ішінде орналасқан азық-түлік супермаркеттер мен дәріханаларды қоспағанда, сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда нысандары, сауда желілерінің жұмысын тоқтатуды;

5.4) азық-түлік емес және азық-түлік жабық сауда орындарының жұмысын тоқтатуды;

5.5) сұлулық салондарының, шаштараз, СПА орталықтар, фитнес-орталықтар, монша, сауна жұмыстарын тоқтатуды;

5.6) балалар және ересектерге арналған білім беру орталықтарының, коррекция кабинеттерінің, ашық алаңдағы аттракциондардың жұмысы тоқтатуды;

5.7) халыққа қызмет көрсету орталықтарының, сондай-ақ мамандандырылған ХҚКО жұмысын тоқтатуды.

6) халық көп баратын жерлерді қашықтағы термометрлермен қамтамасыз етуді (денсаулық сақтау, авто және теміржол станциялары, әуежай және т.б.).

2. Қала, аудандар әкімдеріне, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің аумақтық басқармаларына, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына:

1) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін Санитариялық нормаларға сәйкестік актісінің негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде Санитариялық нормаларға сәйкестік актісін көзге көрінетін жерге орналастыруды;

3) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

4) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақытылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan. kz сайтты пайдалануды;

5) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

6) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуі (ҚРБМСДҚ-ға қосымшаларында айқындалатын белгіленген шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес 1 адамға алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

7) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық беруді.

3. Қызылорда облысының полиция департаменті Ұлттық Ұлан сарбаздарын тарта отырып (келісім бойынша), патрульдеуді жалғастыруды.

4. Қала, аудан әкімдіктері, аумақтық мемлекеттік органдар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, құқық қорғау мен арнайы органдар және меншік нысанына қарамастан барлық нысандар қамтамасыз етуді:

1) азық-түлік гипермаркеттері, оптомаркеттер, супермаркеттер, минимаркеттер, дүкендер, бірінші кезекте қажетті тауарлар (шаруашылық және гигиеналық тауарлар) саудасы жұмысын, кезектерде (2 метрден кем емес) арақашықтықты сақтауды, бетперделік режимді, санитариялық-дезинфекциялық талаптар мен ережелерді қатаң сақтай отырып жұмысын жалғастыруды;

2) жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, қоғамдық көліктің әрбір рейс алдында, әуежай, теміржол және автовокзалдарды, супермаркеттер, базарлар, қоғамдық көлік аялдамаларын (күніне кемінде екі рет), балалар және спорт алаңдарын, көше орындықтарын, банкоматтарды, банк терминалдары мен POS-терминалдарды залалсыздандыруды;

3) адам көп жиналатын орындарда және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарда күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтауды (қолды залалсыздандыруға арналған санитайзерлерді орнату, беткі қабаттарды күніне екі реттен кем емес өңдеу, дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып ылғалды тазалау, желдету);

4) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, оңалту және бейімдеу орталықтарында, әлеуметтік оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды (пациенттердің палаталар немесе бөлмелер арасында және қызметкерлердің бөлімшелер арасында жүруіне, келушілер мен сырттан тамақ қабылдануына тыйым салуды);

5) жеміс-жидектер мен көкөністерді қоспағанда, азық-түлік өнімдерін пакетте сату түрінде;

6) сауда, қоғамдық тамақтану объектілерінде халыққа ауысымында және бүтіндігі бұзылған кезде кемінде екі рет ауыстыруға жататын бір рет қолданылатын қолғаптармен (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей жанасатын басқа да адамдар) қызмет көрсетуді;

7) COVID-19-дың профилактикасы мәселелері бойынша халықты үнемі ақпараттандыруды;

8) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген санитариялық-дезинфекциялық режим Алгоритмдерін сақтауды.

5. Қала, аудан әкімдіктері нысандардың Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-дезинфекциялық режимдер Алгоритмдері талаптарына сәйкестігін мониторингілеу жүргізуді. Мониторингтік топпен бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шаралар қабылдауды.

6. Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және қала, аудан әкімдіктеріне коронавирусты инфекцияның профилактикасы бойынша Қызылорда облысындағы шектеу шаралары, оның ішінде карантин туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде жадынамалар тарату, хабарландырулар, инфографика, видеороликтер, жүгіртпе жолдары арқылы және т.б. арқылы жаппай түсіндірме жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуді.

7. Әуежай, теміржол және автовокзалдардың басшылары:

1) әуе кемелері, құрамдар және автокөліктер келгеннен кейін, оның ішінде қызмет көрсететін жердегі жабдықтар мен көлікке қорытынды дезинфекция жүргізуді;

2) әрбір рейстен кейін әуе кемелерін, құрамдар және автокөлікті ағымдағы профилактикалық дезинфекция жүргізуді;

3) жолаушыларды отырғызуға және түсіруге тартылған әуежай терминалдарының, теміржол және автовокзалдардың барлық үй-жайларын ағымдағы профилактикалық дезинфекция жүргізуді.

8. Қызылорда облысының тұрғындары мен қонақтары эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша далада, ғимаратта, қоғамдық көлікте бетперде киюге міндетті.

9. Қала, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері аумақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

10. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 03 шілдедегі «Қызылорда облысы бойынша қатаң шектеу және карантиндік шараларды енгізу туралы» №16, 2020 жылғы 17 шілдедегі «2020 жылдың 03 шілдедегі Қызылорда облысы Бас санитариялық дәрігерінің «Қызылорда облысы бойынша қатаң шектеу және карантиндік шараларды енгізу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №18 қаулыларының күші жойылсын.

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Осы қаулы 2020 жылдың 17 тамыз 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

**Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері А.АБДИКАИМОВА**

# ҚАЗАНАМА



Сыр өңірі тағы бір батырынан айырылып, ауыр қазаға душар болды. Ұлы Отан соғысының ардагері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Маханбет Бержанов 95 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Маханбет Біржанов 1925 жылы 21 қыркүйекте Жалағаш ауданына қарасты Еңбек ауылдық кеңесінің «Ынтымақ» колхозында дүниеге келген. 1942 жылы «Қызыл октябрь» орталау мектебін бітіріп, 1943 жылы Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы Кеңес әскері қатарына алынады. Жапондықтарға қарсы Кеңес әскері қатарында болған жауынгер Чита қаласының Мациевская стансасында орналасқан 94-ші атқыштар дивизиясының 9-полкінде қатардағы атқыш, 1036 атқыштар полкінде телефонист ретінде әскери қызметтерін атқарған.

1948 жылдың 24 ақпандағы КСРО Министрлер Кеңесінің әскерден босату жайлы қаулысымен әскерден босатылып, елге оралған.

1948-1983 жылдар аралығында Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде жедел уәкіл, Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінде аға уәкіл болып, Арал аудандық ішкі істер бөлімінде аға уәкіл, Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде жедел уәкіл, Тереңөзек аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары болып қызметтер атқарып, аймақтың ішкі істер саласының дамуына елеулі үлесін қосты.

Ұлы Отан соғысының ардагері М.Бержанов «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен, «Ерлігі үшін» медалімен, «ІІ дәрежелі Отан соғысы» орденімен, бұдан бөлек 14 медальмен және алғыс хаттармен, мақтау грамоталарымен марапатталған.

Жеңісті жақындату жолында ерлік танытқан М.Бержановқа «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген.

Отан үшін от кешіп, соғыстың ауыртпалығын қажырлықпен көтеріп, бостандықты қорғауға үлесін қосқан М.Бержановтың ерлігі мен қайсарлығы ел есінде мәңгі сақталады.

**Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі**

# Мейірім мекеніндегі мезет

**Күллі елдің басына түскен ауыртпалық – коронавирус індетінен туындаған қауіп бәрімізді қатаң талаппен, бірізділікпен жұмыс атқаруға біріктірді.**

Қызылорда қаласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы – Қарттар үйінде қызмет алатын қарт кісілер мен мүмкіндігі шектеулі жандар саны 130-ға жуықтайды. Оған қоса 100-ге жуық күндізгі қызмет алушы бар. Карантиндік шектеу кезінде оларға вахталық әдіспен қызмет көрсетілді. Күнделікті сегіз сағаттық жұмыс тоқтап, он бес күннен жүруге тура келді. Бұл әдіс дерттің таралуына тосқауыл қоя білді.

Мұнда адамзат баласы үшін аса қауіпті қылмыс – терроризмнің алдын алу, жат ағымдарға жол бермеу бағытында идеологиялық шаралар жүргізіліп келеді. Белгілі тұлғалармен, өнер адамдарымен кездесулер, қайырымдылық концерттері өткізіледі.

Терроризм актілерінің ықтимал қатері немесе оның жасалуы, терроризмге қарсы операциялар кезіндегі жүріс-тұрыс, сонымен қатар, күдікті тұлғалар мен иесіз заттар туралы құқық қорғау органдарына уақытылы хабарлау керек. Орталықта осыған байланысты түрлі лекциялар мен «дөңгелек үстелдер» өткізілді.

Өрт пен газ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ерекше бақылауда. Төтенше жағдай қаупін барынша азайту үшін өртке қарсы қорғауды жетілдіру бойынша шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Мекеме жұмысшылары орталық ғимараттарына және шаруашылық бөліміне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жыл сайын жүргізеді. Сондай-ақ, ауланы көркейту-көгалдандыру, тазалық жұмыстарының нәтижесі алыстан көзге көрініп тұрады. Сауапты іске студенттер мен еріктілер де араласады. Олар еккен жеміс ағаштарын, талдар мен гүлдерді күтіп-баптау күнделікті міндетімізге айналған.

Халық тілінде «Қарттар үйі» аталатын мекеме – осындай ізгілікті жұмыстарымен мейірімге мұқтаж жандарды қоғамнан бөлмей, олардың саусаламат өмір көшін жалғауына барынша жағдай жасайтын орын.

**Уалихан МҰНАРБАЕВ, орталық директорының әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша орынбасары**

# «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы

Ағымдағы жылдың 27 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді және қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі – заң) атқарушылық іс жүргізудің сапасын жақсарту жолымен азаматтардың құқықтарын қорғау мен уақытылы іске асыруды, атап айтқанда, әлеуметтік маңызы бар істер санаттары бойынша қамтамасыз етуге, аса назар аударылады.

Қабылданған түзетулермен жеке сот орындаушыларының алименттерді, жалақыны, зейнетақыларды, жәрдемақыларды өндіріп алу туралы, азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы атқарушылық құжаттарды орындауының басымдығы бекітілді.

Жекелеген мәселелер соттардың ведомстволық бағыныстылығынан алынып тасталды және өзге де мемлекеттік органдарға беріліп, Жеке сот орындаушысының ұсынысы бойынша борышкерге іздеу салуға санкция беру прокуратура органдарына берілді.

Бұдан басқа, мемлекеттік еңбек инспекторының жалақыны төлеу туралы ұйғарымына атқарушылық құжат мәртебесі беріледі.

Бұл шара құқықтарын жұмыс беруші бұзған азаматтарға жалақыны өндіріп алу мәселелерін тез шешуге, сотқа жұмсалатын уақыты мен сот шығындарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жалақы бойынша берешекті өндіріп алу атқарушылық құжат күші бар мемлекеттік еңбек инспекторының ұйғарымы негізінде сотқа жүгінбей жүзеге асырылатын болады.

Заңның 33-бабында сот орындаушысының борышкерлердің елден шығуына шектеу қою құқығы міндетке ауыстырылып, сот орындаушысы атқару құжатын іс жүргізуге қабылдағаннан кейін борышкердің елден шығуын шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті.

Бұл ретте шығуға тыйым салу борышкерге тиісінше хабарланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін ғана қолданылады.

Борышкердің шетелге шығуын шектейтін қарыздың ең төменгі шегі 20 айлық есепті көрсеткіштен (АЕК) 40 айлық есептік көрсеткішке дейін (АЕК) дейін ұлғайтылып, сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде шығуға уақытша шектеуді алып тастау мерзімі белгіленді.

Жеке тұлғалардан сот орындаушысының ұсынысы бойынша сот өндіріп алатын өсімақы мөлшері (борышкер талаптарды орындамаған жағдайда) 5-тен 2 АЕК-ке дейін азайтылып, оның шекті мөлшері 360 АЕК, ал заңды тұлғалар үшін 900 АЕК белгіленді.

Заңның 99-бабында сот орындаушысының алимент бойынша берешекті тоқсан сайынғы негізде анықтау туралы қаулы шығару және осы қаулыны танысу үшін атқарушылық іс жүргізу тараптарына үш жұмыс күні ішінде жіберу міндеті белгіленген.

Бұл ретте, мүгедек болып табылатын борышкерлер үшін ай сайынғы төлемдер мен алимент бойынша берешек олардың ай сайынғы еңбекақысынан және өзге де кірістерінен, ал егер олар жұмыс істемесе – алатын жәрдемақылардан анықталатын болады.

Заңның 118-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, ЖСО қызметіне ақы төлеу атқарушылық іс жүргізу шеңберінде борышкердің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Сонымен қатар, баламен қарымқатынас жасау тәртібі туралы атқару құжаттары бойынша ЖСО қызметіне ақы төлеу өндіріп алушы мен борышкерге тең үлесте жүктелген.

Сондай-ақ, талап қоюды қамтамасыз ету немесе талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы атқару құжаттары бойынша Жеке сот орындаушыларының қызметіне ақы төлеу тәртібі қайта қаралды.

Осылайша, енді талап қоюды қамтамасыз ету туралы атқарушылық құжат бойынша жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы өтінішхат берген тараптан ақы төлеу жүргізілетін болады.

Егер талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы ұйғарым шығарылса, онда жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы өтінішхат мәлімдеген және талап қоюдан бас тартылған тұлғадан ақы төлеуді жүргізеді. Талап қою қанағаттандырылған жағдайда талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы атқарушылық құжат бойынша жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу өзіне қатысты қамтамасыз ету шаралары қабылданған тұлғадан өндіріп алынады.

Қабылданған норманы іске асыру мақсатында «Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы №437 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Үкімет қаулысының жобасы әзірленді.

Заңның көрсетілген бабының 2-тармағы нормамен толықтырылып, оған сәйкес, Жеке сот орындаушысы мәжбүрлеп орындатуға ұсынылғанға дейін атқарушылық құжаттың талабын орындаған борышкерлерден өз қызметіне ақы төлеуді талап ете алмайды.

Заңның 126-бабында сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу тараптары өтініш жасаған жағдайда тиісті шаралар қолдануға міндетті мерзімдер белгіленген.

Сондай-ақ, сот орындаушылары үйден шығаруға, қоныстандыруға, бұзуға байланысты атқарушылық құжаттар бойынша, сондай-ақ мүлікті тізімдеу және алып қою кезінде аудио-, фото-, бейнетіркеу жүргізуге міндетті екендігі көзделген.

**Қызылорда облысы Әділет департаментінің атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету бөлімі**

## Хабарлама

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-53-01) «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №42 ұңғыма аралық құбырлары» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**



# Абай мұрасы – ұлт байлығы

**Биыл қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, халқымыздың ұлы ақыны, ағартушы, ғұлама ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы» деген өнегелі сөзі бар.**

Жақында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен елімізде тұңғыш рет 10 тамыз «Абай күні» болып жарияланды. Алдағы уақытта бұл күн жыл сайын халықтық мейрам ретінде өткізіледі. Бұл – қазақ әдебиеті мен мәдениеті, ұлт руханияты үшін үлкен мәртебе. Биыл жыл басынан бері мерейтой аясында түрлі шаралар өткізілуде. Сонымен бірге «ABAITV» телеарнасы ашылып, көрермен қауымға жол тартты. Мұның барлығы Абай ақынның ұлылығын танытып қана қоймай, кемеңгер ойшыл, ұлы суреткердің уақыт талабын заманынан оза шауып түсінуі, дүниетанымы мен философиялық көзқарастарын тереңінен зерттеп, жаңаша танып-білуімізге жол салары сөзсіз.

Уақыт көшіне үн қосу – барша қазақтың парызы. Жуырда Қармақшы ауданындағы К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің ұйымдастыруымен «Абай мұрасы – ұлт байлығы» атты ақын-жыршылардың концерті болды. Шара онлайн форматта өтіп, facebook парақшасына жарияланды. Шараның мақсаты – Абай шығармаларын Сырдың сырлы мақам-сазына салып орындау.

Онлайн концертті жас ақын Сырым Әділбеков Абайдың 175 жылдығына арналған өзінің арнау жырымен ашты. Мұнан соң жыршылар Балтабай Бедебаев, Әйгерім Ешбаева, Алмат Азаматов және қобызшы Зияда Жаңабергенова үйірме шәкіттерімен Абай өлеңдерін нақышына келтіріп орындады.

Абай Құнанбайұлы шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік-қоғамдық, моральдық мәселелерін көтеріп, тәрбиелік мәні зор қара сөздерін жазып қалдырған. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жалынды жырымен бізбен бірге 175 жыл бойы өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек.

**«СБ» ақпарат**

# Ауыл әкіміне «қатаң сөгіс»

**Карантин талаптарына қарамастан дүркіретіп той жасаушылар тыйылмай тұр. Ақсуат ауылдық округіне қарасты Ж.Махамбетов ауылында өткен думанның арты дүрмекке айналды. 13 тамыз күні ауыл тұрғыны шектеулерді ескермей, 100-ге жуық адам жинап, той жасаған. Той кезінде атыс қару қолданылып, салдарынан екі бүлдіршін дене жарақатын алған.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»



Жұма күні Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы карантиндік шектеу шараларын пысықтау мақсатында шұғыл мәжіліс өткізіп, Ж.Махамбетов ауылында болған тәртіпсіздік талқыланды.

Жиында тәртіпсіздікке жол берген Ақсуат ауылдық округінің әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаев той егесіне ауызша да жазбаша да, ескерту бергенін, ескертуді назарға алмай той жасағанын жеткізді.

Қала әкімі мұндай уақытта карантин талаптарына немқұрайлы қарамау қажеттігін, той түгілі естелік шаралар өткізуге болмайтынын, жаназаға көп адам жиналамауы керегін баса айтты. Әсіресе ауылда тұрғындар бір-бірін танитыны, барлық жағдай әкімге де, ауыл азаматтарына да алдын ала белгілі болатыны рас. Сондықтан осындай күрделі кезеңде ауылдың қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты бағытта ұстай алмай, тойдың болғанын қала әкімдігіне дер кезінде хабарламағаны үшін округ әкіміне қатаң сөгіс берді.

– Егер вирус тойда бір адамнан шықса, жүздеген адамның бәріне тарайды. Індет енді тоқтап, енді басылып келе жатқан кезде жауапкершілік қайда? – деді қала әкімі.

«Ауыл тұрмысын түзетуде атқарған жүйелі еңбектеріңізді ескеріп, қатаң сөгіспен қалдырдым» деген шаһар басшысы басқа да кент және ауылдық округ әкімдеріне өздеріне сеніп тапсырылған аумақта бақылауды арттырып, алдын алу шараларын күшейтуді нықтап тапсырды.

Сондай-ақ, ауылдық округтің аймақтық полиция қызметкерін дер кезінде қажетті шараларды қолданбай, тиісті органдарға хабарламағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартуға қалалық полиция басқармасына нұсқау берді.

Айта кету керек, бұған дейін қалаға қарасты Қызылжарма ауылдық округінде ауыл тұрғыны аулада той өткізбек болған. Алайда той қалалық мобильді топтың араласуымен тоқтатылды. Аталған мәселеге байланысты ауыл әкімі Медет Сейіловтің оқиғаны дер кезінде хабарлағаны ескеріліп, ескерту берілді. Сондай-ақ, қала әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілі мен сала басшыларына кент және ауылдық округ әкімдерінің қызметіне талдау жасап, олардың қызметіне қатысты ұсыныс беруді жүктеді.

# Мемлекет шекарадан басталады



Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Құрылу тарихына көз жүгіртсек, жиырма жылдан асқан әскери мекеменің ел үшін маңызы зор. Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 1999 жылғы 15 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес ҚР оңтүстік бағыттағы мемлекеттік шекараны нығайту мақсатында және ҚР ҰҚК шекара қызметінің даму бағдарламасына сай тұрақты жұмыс жасап келеді. Департамент сол жылдан бастап Өзбекстанмен арадағы шекараны нығайту, елдің саяси және экономикалық мүдделерін қорғау, заңсыз көшіп-қонудың алдын алу, қазақ еліне қару-жарақ, оқ-дәрі, есірткі және радиоактивті заттарды заңсыз кіргізбеу міндеттерін мінсіз орындап жүр.

Шекараны күзету кезінде жергілікті тұрғындардың да көмегі зор. Шекара аймағында тұратын халық шекара бұзушыларды ұстауда ерекше қырағылық танытып, әскерилерге ұдайы көмек көрсетеді. Берік Бұзаушиевтің айтуынша, әскери бөлімнің қорғау нысаны Арал ауданының әкімшілік аймағынан бастау алып, Жаңақорғанға дейінгі аралықты қамтиды. Құрылған жылдан бастап біздің шымыр шекарашылар елге заңсыз өтпек болған келімсектерді ұстап, контрабандалық тауар тасушының жолын кескен. Ел қазынасының ортаймауына орасан үлес қосқан.

– Шекара қызметі қырағылықты талап етеді. Біздің жігіттер 1999 жылдан көрші Өзбекстан республикасымен арадағы мемлекеттік шекараны қырағы қадағалап келеді. Күзетуден бөлек, заңсыз көшіп-қонудың алдын алу, елдің аумағына қару-жарақ, оқ-дәрі, есірткі және радиоактивті заттарды кіргізбеу мақсатында шекараны күзетуде. Контрабанда, есірткі бизнесі секілді заңсыз іс-әрекеттер шекара аумағында жиі болатыны белгілі. Мұндай оқыс оқиғалар шекарашылардың өз қызметін асқан ұқыптылықпен атқаруды талап етеді. Менің кеңесім – әскерге барып келген жас жігіттердің денсаулығы мықты болса, шекара қызметіне келе алады. Оның әскери лауазымы болуы маңызды емес. Қазір бізде қабылдау жүріп жатыр. Кадр бөліміне жолықса, қандай құжат жинап, тапсыру керегін сол жерде мамандар түсіндіреді, – дейді шекара күзету бөлімінің бастығы Берік Бұзаушиев.

Бүгінгі күні ҰҚК-ға қарасты Шекара қызметі жалпы ұзындығы 15132 шақырым шекараны күзетсе, оның 2355 шақырымы Өзбекстанмен, 426 шақырымы Түркіменстанмен шектеседі, ал Ресеймен байланысты 7548 шақырым әлемдегі құрлықпен өтетін ең ұзын шекаралық сызық ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енген. Теңіздегі шекара – 1779 шақырым, қарт Каспийдің үстімен өтеді. Кедендік одақпен біздің елден өтетін сыртқы шекараның ұзындығы – 7805 шақырым.

«Шекара мәселесінде ұсақ-түйек деген мүлдем болмайды. Біз үшін ата-бабамыздан қалған атамекеннің әр пұшпағы аса қымбат. Сондықтан бұл істе біз аса ыждағаттылық пен қырағылық таныттық» деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, ел шебі саналатын мемлекеттік шекараның мәні мен маңызы ешуақытта төмендемейді.

1-бет

# Дарындының жолы даңғыл

**Бір кездері кез келген есепті оймен шығаратын балаларды телеарнадан көретінбіз. Бірнеше секундта калькулятордан жылдам есептегеніне таңдай қаққанымыз есімізде.**

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Дарынды балалардың көбі арифметика әдісімен оқыған. Жетістіктерді еселейтін де солар болатын. Жуырда осындай «UCMAS» зияткерлік ментальді арифметика академиясы Қызылорда қаласындағы филиалының білім алушылары еліміз бойынша халықаралық онлайн чемпионаттан жүлделі III орынды еншіледі. Ғылымға ден қойған сырбойылық өрендер жайлы ақжолтай хабар көңілге қуаныш сыйлағаны рас.

Есепке жүйрік №2 «Мұрагер» мектебінің оқушысы Әбдурахман Сынасап пен №271 мектептің оқушысы Санжар Бекділдаевтың бұл алғаш қатысқан байқауы емес. Бұған дейін де олар түрлі білім бәйгелеріне қатысып, олжалы болған. Ментальді арифметика академиясының инструкторы Айгүл Құрбанованың айтуынша, бұл оқыту әдісі баланың көшбасшылық қабілетін арттырып ғана қоймай, бойындағы жинақылық пен байқампаздықтың артуына да сеп.

– Адам ағзасындағы кез келген бұлшық етті әрдайым шынықтырып отыру керек. Сол секілді миды шынықтырмау есте сақтау қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл ретте ментальді арифметиканың рөлі зор. Ол ойлау қабілетін арттырады және бұл математика емес, арифметика. Біз есептерді кейде тақпақ жаттатып шығартамыз. Жалпы, ментальді арифметика нейронды жүйелердің байланысын нығайтып, есте сақтау қабілетін арттырады. Қазір бізге балаларын оқытуға беретін ата-аналар көп. Карантин уақытында жұмысты тоқтатқан жоқпыз. Онлайн форматтың оңтайлылығын пайдалана отырып, сабақтар жүргіздік. Байқаулардан да қалыс қалмадық. Соның жемісін көріп отырмыз. Бізде Әбдурахман мен Санжар секілді белсенді, алғыр оқушылар көп. Олардан үлкен үміт күтеміз, – дейді А.Құрбанова.

Айта кету керек, «UCMAS» біздің елімізде 2011 жылдан бастап жұмыс істейді. Халықаралық академия жыл сайын ауқымды жарыстар да өткізіп тұрады. Бұл – ғылым емес, математикалық тәсіл. Ойды дамытады, жылдам шешім қабылдауға үйретеді. Ал, оның жастардың биік белесті бағындыруына көмектесері сөзсіз.

АПЫРАЙ-Ә!

# Бетперделі бере тұршы...

**Сауда орнына кіріп бара жатқан келіншекті күзетші тоқтатты. «Тәте, бетпердесіз кіруге болмайды» деп ескертті. Келіншек ұзай қоймаған жолдасын атын атап шақыра бастады. «Мұнда бетпердесіз кіргізбейді екен» деді де жолдасының бетіндегісін киіп жөнелді. Бұл әрекетті қаншама адамдардан көріп те жүрміз. Сонда кім үшін? Денсаулық кімге керек? Дәрігерлер карантин кезінде бетперде тағып, қолғап киіп, антисептикті жанымыздан тастамауды ұдайы ескертуде. Дегенмен, құлақ асып жатқандар санаулы. Бір реттік қолданған масканы кез келген жерге тастап кету де әдетке айналған.**

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Қазір қоғамдық орындарда, көліктерде бетпердемен жүру міндеттелген. Тақпағандар айыппұл төлейді. Көпшілік орындарда «Маскасыз кіруге болмайды» деп тайға таңба басқандай жазып қойған. Алайда, көпшілігіміз бұл ережеге бағына бермейміз. Салғырттық танытып, бейжай қараймыз. Оған мына оқиға дәлел. Қоғамдық көлікке мінген 30-дан асқан азаматқа кондуктор «бетперде тағып ал» дегені сол еді, жас жігіт шатынап шыға келді. «Өз денсаулығыма өзім жауаптымын. Бір жапырақ мата вирустан қорғай ма? Мұның бәрі де бос сөз» деп дүрсе қоя берді. Кондуктор алған бетінен қайтпай көлікті тоқтатып, жігітті түсіріп жіберді. «Ол жауапкершілікті сезініп тұрған жоқ. Жақындары мен ортасын ойлауы керек емес пе?» деп біразға дейін ашуын баса алмады. Қарап тұрсаң, бұл кісінің де сөзі орынды, жаны бар. Мұндай жаңсақ пікірге жол берілмеуі тиіс. Кейде бір жерге бара жатып, есіктегі ескертпе қағазға қарап маска тағып жатамыз. Қазір қолдорбада бетперденің қанша түрі бар. Оны белгілі бір орынға бара қалған жағдайда ғана жалма-жан шығарып, тағып аламыз. Біздің денсаулығымызға өзгелер жауапты секілді. Осындай жансақ пікірлер көбейген де, індет жасы мен кәрісін де құрығына іліктіріп жатқан кезде – алаңдауға негіз бар.

Жақында жүргінші жолында жасы 60-ты алқымдаған азамат кетіп барады. Бетперде тақпаған. Әңгімеге тартып көрдім.

– Көке, неге бетперде тақпағансыз? Індет өршіген уақытта қауіп басым. Сіз секілді егде жастағы адамдарға бетпердесіз жүруге болмайды, – дедім.

– Әлгіні вирустан қорғайды дегенге сенгім келмейді. Бизнес жасаушылардың әрекеті секілді. Бастысы, салауатты өмір салтын ұстану керек, – деді кейіпкер.

Міне, бұл – қазір қоғамда қалыптасқан жағдай. Күнделікті өмірде кездесіп жатқан құбылыс. Түсінігімізде әлі де болса босаңсу бар. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп бекер айтылмаған. Жалпыға ортақ жауапкершілікті сезіне білмегендер өзгелерге кесірін тигізуде.

Әлемді жайлаған індет тарала бастаған кезде маска табу да қиын болды. Бағасы шарықтап кетті. Содан қолдан тігуге көштік. Тігін шеберханалары мен цехтар тапсырыс қабылдай бастады. Наурыз айында төтенше жағдай енгізілген кезде біршама кәсіпорын жұмысы тоқтады. Алайда, тігіншілердің жұмысы еселенді. Індеттің алдын алу мақсатында олар қайырымдылық шараларына атсалысып, тегін де таратты. Бағасы да көңілге қонымды. Сән әлеміндегі белгілі дизайнерлердің өзі бетпердені түрлі стильде тігіп, сатуға көшті. Айта берсең оның жыры көп.

Мұның бәрі неге айтылып отыр? Көзбен көріп, құлақпен естіген жағдайлар түрткі болды. Әзірге біздің қолымыздан келетіні, бетперде тағып, сақтық ережелерін ұстану жолдары ғана. Шындығында, бетпердені ойланып жатқан адам тапқан жоқ. Алғашқы бетперде құс тұмсығы секілді үшкір, іші емдік шөптерге толы болды. Уақыт өте келе заман ағымына сай түрлі медициналық маскалар шыға бастады. Мұны таққанда кәдімгідей аурудан қорғанып, індет бәсеңдеп, пайдасы іске асқан.

Расында, біз мән бермейтін дүниенің адам денсаулығы үшін маңызы зор. Сондықтан жаныңыздан бетперде тастамаңыз. Жақыныңызға жанашыр болыңыз.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шиелі Жарығы» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне бөлшек сауда нарығында электр энергиясының жабдықтау бағасының шекті деңгейін өзгерту жөнінде құжаттар ұсынылғанын хабарлайды. Жобаланып отырған электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы орташа босату тарифі 1 кВт*сағатына – 17,66 теңгені (ҚҚС-сыз) құрайды.

Баға өзгерісінің негізгі себебі – электр энергиясын өндіруші ұйымдарының шекті тарифтерінің 01.07.2020 жылдан бастап өсімі болып табылады.

**«Шиелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі**

*(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)*

## Жарамсыз деп есептелсін

Батырханова Шахаризадаханым Кәдірханқызының атына «Астана» ЖШС «Оқу-клиникалық орталығы» Қызылорда облыстық филиалында «Зертханалық диагностика» мамандығына «Зертханалық диагностикадағы инновациялық технологиялар» циклы бойынша 2019 жылдың 29 шілде-10 тамыз аралығында (108 сағат) біліктілігін арттырудан өткені үшін 2019 жылдың 10 тамызында берілген №479 біліктілігін арттырғаны туралы куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 26567 Тапсырыс №73 Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**